«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ ІШКІ
МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ КОМИТЕТІНІҢ
МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ІШКІ
МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ ДЕПАРТАМЕНТІ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ «ДЕПАРТАМЕНТ
ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
АУДИТА ПО МАНГИСТАУСКОЙ ОБЛАСТИ
КОМИТЕТА ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
АУДИТА МИНИСТЕРСТВА ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

Қазақстан Республикасы, Маңғыстау облысы,
130000, Ақтау қаласы, 23 шағын аудан, №100 ғимарат,
тел./факс: 8/7292/ 31-90-92, 31-91-48

Республика Казахстан, Мангистауская область,
130000, город Актау, 23 микрорайон, здание №100,
тел./факс: 8/7292/ 31-90-92, 31-91-48

04-07-2018. № 02-09/1529

«Neon City» ЖШС
Ақтау қаласы,15 ш.а. 64 А, 9 пәтер

Маңғыстау облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті (бұдан әрі - Департамент) Сіздің 15.06.2018 жылғы №16775 (веб-порталмен келіп түскен) арызыңызға қатысты келесіні хабарлайды.

Департамент тарапынан Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Заңының 30-бабына сәйкес, «Маңғыстау-Медиа» ЖШС (бұдан әрі - Ұйымдастырушы) ұйымдастырған №2553222-1 санды «Газеттерді басып шығару қызметі» мемлекеттік сатып алуға мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы камералдық бақылау жүргізіліп, нәтижесінде келесідей бұзушылықтар анықталды.

Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 11.12.2015 жылғы №648 бұйрығымен бектіліген «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» қағидасының (бұдан әрі - Қағида)85-1 тармағында тапсырыс берушіге шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін қажетті материалдық және еңбек ресурстары конкурстық құжаттаманың ажырамас бөлігі болып табылатын техникалық ерекшелікте көрсетіледі делінген.

Осыған байланысты, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (бұдан әрі - Заң) 9-бабы 3-тармағында әлеуетті өнім беруші өзінің осы бапта белгіленген біліктілік талаптарына сәйкестігін растау үшін мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушыға мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында көзделген тиісті құжаттарды ұсынады делінген.

Сонымен бірге, Қағиданың 150-тармағының 1-тармақшасында әлеуетті өнім беруші және (немесе) оның қосалқы мердігері не бірлесіп орындаушысы - конкурстық құжаттамада көрсетілген, шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті материалдық және еңбек ресурстарына ие болуы бөлігінде әлеуетті өнім берушінің біліктілік талаптарына сәйкес келмейтіндігі айқындалса, конкурсқа жіберілмейді деп нақты көрсетілген.

«CASPIY PRINT» ЖШС конкурстық өтінімі бойынша:

Ұйымдастырушы тарапынан бекітілген конкурстық құжаттамасының ажырамас бөлігі болып табылатын техникалық ерекшелікте әлеуетті өнім берушілерге мынандай біліктілік талаптары көзделген:газет бас процессінің басшысы бас инженер – 1 адам, баспашы – 3 адам, жүргізуші – 2 адам, жұмыс тәжірибесі 3 жылдан кем емес болуы керек және газеттерді бүктеу және буып-түю үшін дербес бөлменің болуы, газеттерді шығаруды үзіліске түсірмеу мақсатында Өтінім құрамында көрсетілген жылжымайтын мүліктер

заңды түрде таза (тәркілеуге алынбаған) болуы тиіс. өтінім құрамында жылжымайтын мүлікке құқықтық ауыртпалықтың болуы (болмауы) туралы анықтаманың электрондық көшірмесін қамтамасыз етуі тиіс деп көрсетілген.

Алайда, «CASPIY PRINT» ЖШС өтінімінде №13-200-022-017 кадастрлық нөмерлі жылжымайтын мүлік ұсынып, осы жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтық ауыртпалықтың болуы (болмауы) туралы анықтаманы ұсынбағаны анықталды.

Бұдан басқа, «CASPIY PRINT» ЖШС өтінімінде ұсынылған жүргізуші Толыбаев Руслан Рахмановичтің еңбек кітапшасы бойынша жүргізуші болып жасаған жұмыс өтілі 3 жылдан кем екені анықталды.

Демек, «CASPIY PRINT» ЖШС жоғарыда аталған біліктілік талаптарына сәйкес келмеуіне орай, конкурсқа қатысуға жіберілмеуі тиіс.

«Neon City» ЖШС конкурстық өтінімі бойынша:

Ұйымдастырушы тарапынан бекітілген конкурстық құжаттамасының ажырамас бөлігі болып табылатын техникалық ерекшелікте әлеуетті өнім берушілерге мынандай біліктілік талаптары көзделген:газет бас процессінің басшысы бас инженер – 1 адам, баспашы – 3 адам, жүргізуші – 2 адам, жұмыс тәжірибесі 3 жылдан кем емес болуы керек және газеттерді бүктеу және буып-түю үшін дербес бөлменің болуы, газеттерді шығаруды үзіліске түсірмеу мақсатында Өтінім құрамында көрсетілген жылжымайтын мүліктер заңды түрде таза (тәркілеуге алынбаған) болуы тиіс. өтінім құрамында жылжымайтын мүлікке құқықтық ауыртпалықтың болуы (болмауы) туралы анықтаманың электрондық көшірмесін қамтамасыз етуі тиіс деп көрсетілген.

Алайда, «Neon City» ЖШС өтінімінде №13:200:023:220 кадастрлық нөмерлі жылжымайтын мүлік ұсынып, осы жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтық ауыртпалықтың болуы (болмауы) туралы анықтаманы ұсынбағаны анықталды.

Бұдан басқа, «Neon City» ЖШС өтінімінде ұсынылған бас инженер Филатов Дмитрий Александровичтің еңбек кітапшасы бойынша бас инженер болып жасаған жұмыс өтілі 3 жылдан кем екені анықталды.

Демек, «Neon City» ЖШС жоғарыда аталған біліктілік талаптарына сәйкес келмеуіне орай, конкурсқа қатысуға жіберілмеуі тиіс.

Сондай ақ, Камералдық бақылау мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы ұсынылған құжаттар мен алынған ақпарттар негізінде аудит объектісіне бармай, жұмыс орынында тұрақты негізде жүргізіледі.

Осыған сәйкес, мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы ұсынылған «CASPIY PRINT» ЖШС конкурстық өтініміндегі құжаттарын тексеру барысында Ұйымдастырушы тарапынан техникалық ерекшелікте талап етілген офсеттік ротациялық жабыққа ие болу бөлігінде растайтын құжаттарын ұсынылғаны анықталды.

Себебі, камералдық бақылау мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы ұсынылған электрондық құжаттар арқылы жүргізілуіне байланысты, жалған құжат белгісін анықтау мүмкін болмады.

Осымен, Департамент тарапынан камералдық бақылау нәтижесі бойынша Ұйымдастырушыға анықталған бұзушылықтарды жою үшін хабарлама жіберілді.

Ұйымдастырушы хабарламамен келіспен жағдайда Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2018 жылдағы 19 наурыздағы №385 бұйрығымен бекітілген Камералдық бақылау жүргізу қағидаларының 11-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетіне қарсылық жіберуге құқылы.

Осылайша, Қазақстан Республикасының 12.01.2007 жылғы №221 санды «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңының 10-бабына сәйкес арызыңызға жауап мемлекеттік тілде берілді және 12-бабына сәйкес өтініштерді қарау нәтижелері бойынша қабылданған шешімдерге келіспеген жағдайларда шағым жасауға құқылы екендігіңіз қаперіңізге беріледі.

Департамент
басшысының у.м.а. **Қ. Нурмуканов**

орын. Н.Жақайұлы
тел: 8/7292/ 31-90-92